

Ж.М. ПАНСАТ¹, Ж.И. ИСАЕВА², Г.Б. МАМАЕВА³

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: 94_jansaya@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz

³филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: gulnar.mamaeva@mail.ru

«КӨК» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ КОНЦЕПТІЛЕРДІ ЖАСАУДАҒЫ КОГНИТИВТІ СЕМАНТИКАСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі көк концептінің тіл қолданысындағы эмоционалды реңктері қарастырылады. Зерттеу мақаласында отандық және шетелдік тіл біліміндегі түр-түс атауларының және көк түсінің адам сезімін білдірудегі тілдік бірліктердің семантикалық мағынасын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалған. Көк концептісінің эмоционалды-экспрессивтік сөздердегі танымдық сипатын аша отырып, тілдік сипаты зерделенеді. Сондай-ақ тіліміздегі көк лексемасына байланысты көп қолданылатын адамның түйсігі арқылы, ішкі толғанысын білдіретін сөздерге танымдық, тілдік талдау жасалынған. Дүниенің тілдік бейнесін көк концептісі барысында адамның көңіл-күйін білдіретін сөздер арқылы ұлттық мәдениет мәнмәтінінде қарастыруда адамзаттың ішкі әлемін танытуға және сол арқылы тұтас халықтың қуанышы мен қайғыны қабылдау деңгейін байқауға мүмкіндік береді. Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – түр-түс атауларының ішіндегі көк түсінің концептілік өрісі аясында эмоционалды реңктерін танымдық тұрғыда талдау болып табылады.

Зерттеу мақаласында түр-түстердің және көк түсінің эмоциямен айтылатын тұстары танымдық тұрғыда қарастырылады. Қазақ тіл білімінде түр-түстердің эмоционалдылық белгілері терең зерттеле қоймаған, ашылмаған, анықталмаған қырлары әлі де көп мәселе болып табылады. Бүгінгі зерттеуіміз көк түсінің эмоционалдылық қырларын тілдік, танымдық сипатта қарастыратын боламыз. Лингвистикалық аспектіде көк түсінің фразеологиялық тіркестердегі эмоционалдылық қолданылатын тіл бірліктеріне жекелей тоқталып, олардың лингвомәдени танымындағы когнитивті болмысы терең зерттеледі.

Кілт сөздер: эмоция, концепт, фразеологизм, түр-түс, когнитивті лингвистика.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Пансат Ж.М., Исаева Ж.И., Мамаева Г.Б. «Көк» концептісінің эмоционалды концептілерді жасаудағы когнитивті семантикасы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 135–146. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.10>

*Cite us correctly:

Pansat J.M., Isaeva J.I., Mamaeva G.B. «Kok» konceptisinin emocionaldy konceptilerdi jasadagy kognitivti semantikasy [Cognitive Semantics of the Concept «kök» in Creating Emotional Concepts] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3(129). – B. 135–146. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.10>

Zh.M. Pansat¹, Zh. Issaeva², G.B. Mamaeva³¹*PhD Doctoral Student of M. Auezov South Kazakhstan University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: 94_jansaya@mail.ru*²*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz*³*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: gulnar.mamaeva@mail.ru*

Cognitive Semantics of the Concept «kòk» in Creating Emotional Concepts

Abstract. The article examines the emotional nuances of the Kazakh language concept *kòk* in language use. The research article reviews the works of scientists who studied the semantic meaning of the names of species and colors in domestic and foreign linguistics and linguistic units in expressing human feelings. The linguistic character of the concept of *kòk* is analyzed, revealing the cognitive nature of emotional, expressive words. In addition, a cognitive and linguistic analysis was made of the words expressing inner excitement through the intuition of a person, which is often used in connection with the lexeme *kòk* in our language. The linguistic image of the world through the concept of *kòk* in national culture and text through the words that express the mood of a person allows to reveal the inner world of humanity and thereby to observe the level of acceptance of joy and sorrow of the whole people.

The main goal of the scientific article is to cognitively analyze the emotional tone of the color *kòk* within the conceptual field of color names. In the research article, the emotional aspects of the colors and the color *kòk* are considered from a cognitive point of view. There are still many problems in Kazakh linguistics, which have not been deeply studied, undiscovered, and undefined aspects of emotional signs of colors. In our modern research, we will consider the emotional aspects of the color *kòk* in a linguistic and cognitive manner. From the linguistic point of view, the emotional meaning of *kòk* in phraseological words is emphasized individually, and their cognitive nature in linguistic and cultural cognition is deeply studied.

Keywords: emotion, concept, phraseology, color, cognitive linguistics.

Ж.М. Пансат¹, Ж.И. Исаева², Г.Б. Мамаева³¹*PhD докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: 94_jansaya@mail.ru*²*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz*³*кандидат филологических наук, доцент
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: gulnar.mamaeva@mail.ru*

Когнитивная семантика концепта «көк» в создании эмоциональных концептов

Аннотация. В статье рассматриваются эмоциональные оттенки концепта казахского языка *көк* в языковом обиходе. В исследовательской статье представлен обзор работ ученых, изучавших семантическое значение названий видов и цветов в отечественной и зарубежной лингвистике и языковых единиц в выражении человеческих чувств. Анализируется лингвистический характер концепта *көк*, раскрывающий когнитивную природу эмоциональных, экспрессивных слов. Кроме того, был проведен когнитивный и

лингвистический анализ слов, выражающих внутреннее волнение через интуицию человека, которое часто используется в связи с лексемой *көк* в нашем языке. Языковой образ мира через концепт *көк* в национальной культуре и текст через слова, выражающие настроение человека, позволяет раскрыть внутренний мир человечества и тем самым понаблюдать за уровнем принятия радости и горя всего народа. Основной целью научной статьи является когнитивный анализ эмоционального оттенка цвета *көк* в рамках концептуального поля названий цветов.

В исследовательской статье эмоциональные аспекты цветов и цвет *көк* рассматриваются с когнитивной точки зрения. В казахском языкознании все еще существует много проблем, которые глубоко не изучены, неоткрыты и неопределены аспекты эмоциональных признаков цветов. В нашем современном исследовании мы рассмотрим эмоциональные аспекты цвета *көк* с лингвистической и когнитивной точек зрения. С лингвистической точки зрения эмоциональное значение *көк* во фразеологических словах подчеркивается индивидуально, а их когнитивная природа в лингвокультурологическом познании глубоко изучена.

Ключевые слова: эмоция, концепт, фразеологизм, цвет, когнитивная лингвистика.

Кіріспе

Түр-түс атаулары – кез-келген этностың өзіндік ұлттық ұстанымын танытатын күрделі құбылыс деп бағалай отырып, когнитивті және прагматикалық аспектілерінің зерттелуінің аясында түр-түс атаулары арқылы «тіл және ойлау», «тіл және қоғам», «әлемнің тілдік бейнесі» сияқты іргелі мәселелердің жаңа қырларын таныта аламыз. Себебі, түр-түс атаулары мәдениетаралық коммуникацияда ерекше сипатқа ие болғандықтан, ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі аспектісі ретінде тілші ғалымдардың еңбектерінің негізгі объектісіне айналып отыр. Тіліміздегі қай түр-түс атауы болсын халықтың тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан, өмірлік тәжірибесінен хабар беретін тілдік ақпараттар болып табылады.

Қазақ лингвомәдени танымында көк түсінің семантикалық өрісі көк Тәңірі, көк бөрі сынды құдыретті күштердің адамзат баласын жебеп жүретін ұлы күштердің барлығын осы көк түсіне телитіндігі рас. Түр-түстердің ішіндегі «көк» түс аспан әлемі мен су кеңістігіндегі мұхит, теңіз, көл, өзен ұғымдарымен жер мен көк деген антонимдік қатынасын бейнелеу арқылы көптеген эмоционалды-экспрессивтік бояуы басым тіл бірліктерін қолдана білген. Мәселен, «көктен сұрағаны жерден табылды», «жер көкке сыйғызбады», «жер көкті шарлады» және т.б. Дегенмен де қазақ мәдени танымында «көк» түсі бейбітшіліктің, азаттықтың, бостандықтың белгісі ретінде барлық түркі жұрты үшін киелі деп санаған символдық бейнелерге көк түсі арқылы өз эмоциясы мен рухани мәдениетінің белгісі ретінде қолданылуы аясы кең екендігін айта кеткеніміз абзал.

«Көк» сөзі қаншама тарихты артқа тастап, түркілік таным мен ұғымның негізінде көп семалы сөздердің қатарына кірген. «Көне түркі сөздігінде» «көк» сөзінің мынандай бірнеше мағынасы берілген: 1) көк – *небо* (аспан); 2) көк – *корень* (тамыр), көк – *основание, опора* (негіз, тірек), көк – *происхождение, родословная* (шығу тегі, тегі); 3) көк – *свободный, вольный* (еркін); 4) көк – *планка седла* (ер-тұрман); 5) көк – *шов* (тігіс); 6) көк – *голубой, синий, сизый* (көк, көк сұр) [1, 330-331-бб.].

Ерте кездегі аңыздарда алып бәйтерек жер ортасы – көктөбеде («Жер кіндігінде») болады дейді. Түркі тілдерінде көк сөзінің «түбір», «тамыр», «түп тегі» деген мағыналары бар [2, 15-б.].

Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын өз зерттеу нысанына айналдырып, іргелі зерттеу еңбектердің ішінде «көк» сөзіне берген пікірлерді саралап өтсек, «көк» сөзі аспан

мағынасында қолданылуы көп кездеседі. Алайда бұл сөздің мағынасын негізінен омоним сипатында қарастырады [3, 96-б.]. «Көк түс – ою-өрнек әлемінде көк түсті ою-көк күмбезі мен судың түсі, биіктік пен тереңдіктің символы, тұрақтылық пен әділеттіліктің, шындықтың көрсеткіші болып табылады. Қазақ ұғымында көк түс нәзік үміт, жылылық, жан жақындығы мен тілек бірлігін де білдіреді» [4, 8-б.].

Адамның ішкі сезімі мен көңіл-күйіне байланысты айтушы адамның көзқарасын білдіретін сөздерді эмоционалды-экспрессивті сөздер деп атаймыз. Орыс ғалымы О.С. Ахманова тіл біліміндегі мұндай сөздерді эмоция мен экспрессивті деп екіге бөле отырып, адамның көңіл-күйін жеткізетін сөздерді эмоционалды сөздер деп, ал экспрессияны –тіліміздегі бейнелі сөз қатарларымен берілетін эмоциялық бояуы басым сөздер тобы деп қарастырады [5]. Эмоция – адамның жан-дүниесіндегі жақсы көру мен жек көру, ашулану мен рақат сезімге бөлену, қуану мен қайғыру, таңдану мен абыржу сияқты құбылыстарды тіл арқылы жеткізетін әрқилы көңіл толқындары мен жан тебіреністерін білдіруші, бағалаушы, бейнелеуші қызметтерін қоса атқаратын ерекше құбылыс. Сондай-ақ эмоция – психологиялық процесс бола тұра, лингвистикада оның қалай берілетіндігі тілдік тұрғыда қарастырылады. «Адамның психологиялық жай-күйін сипаттайтын эмоционалдық аймағы интеллектпен бірге пенденің тұтас тұлғалық өзегін құрайды. Адамның сезімін, нені қуантып, нені ренжітетінін, кейде сатқындық жасауы, кейде шынайы болмысының бет-пердесі – бәрі эмоционалды-экспрессивті көңіл-күйінің белгісі» [6].

Дискурстың когнитивтік уәждемесін эмоционалдық аспектісіне қатысты талдағанда түр-түстердің сөздік қорының бай алуандығымен қоса, түстің өзіндік эталондарын, түс кестесінің белгілі бір аумақтарын бөліп көрсетуде тіл тұлғасының ниетімен, сезімімен ерекшеленеді. Осыған байланысты зерттеу материалы ретінде түр-түс атауларының ішіндегі «көк» сөзіне қатысты айтылатын тілдік бірліктерге байланысты дискурстардың таңдалуы кездейсоқ емес. Қазақ тілінде түр-түстердің физиологиялық табиғаты әртүрлі мағына үстейтіні сөйлейтін, сезінетін және эмоционалды түрде бастан кешіретін адамның ішкі түйсігін білдіреді. Сол себепті адамға тікелей байланысты эмоцияларды актуализациялау тәсілдерін және оларды жүзеге асырудың тілдік және тілдік емес құралдарын таңдауды реттейтін және анықтайтын жеке, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерімен құнды болатын түр-түстердің мағыналық, танымдық, концептуалдық аспектілерін тану өзектілігі артып отыр.

Түр-түстердің ішіндегі «көк» түс аспан әлемі мен су кеңістігіндегі мұхит, теңіз, көл, өзен ұғымдарымен байланысты тұжырымдалады. Дегенмен де қазақ мәдени танымында «көк» түсі бейбітшіліктің, азаттықтың, бостандықтың белгісі іспетті өз туымызда да бейнеленуі тегін емес. «Көк» түсінің концептілік құрылымдарда вербалдану ерекшеліктері де жағымды, жағымсыз коннотаттық бейнелермен ұштасып жатады. Концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді. Орыс когнитивті тіл білімінің негізін салушы В.А. Маслованың пікірінше концепт адамның дүние туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы болса [7], А.П. Бабушкин концепт пен ұғым терминдерін ұқсас деп танып, бірге қарастыруды ұсынады [8].

Қазақ тіл білімі зерттеушілерінің арасында да концепт мәселесіне терең зерттеу жүргізіп, анықтама ұсынғандары бар. Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет мәнмәтінінде қарастырған А. Исламның пайымдауынша: «Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік» [9]. «Концептілер негізінен мәдени ақпараттарды жинақтап, этникалық мәдениеттің константаларымен, негізгі ұғымдарымен байланыста болады» [10, 102-б.]. «Көк» концептісі қазақ тіліндегі когнитивтік санада жинақталған ақпараттар бірлігіндегі әртүрлі мағына үстейтінімен құнды болмақ. Отандық ғалымдардың ішінде

Ж. Қошанова өз зерттеулерінде «Концепт – табиғатын түсіну үшін жасалған әрекеттердің қай-қайсысы да бір-бірімен шектес бірқатар ұғымдар мен терминдердің бар екендігін аңғартады. Концепт ең алдымен ұғым мен мағынадан тұрады. Концепт ұғымы тіл біліміне философиядан келген, латынша концептус (ұғым) сөзінің калькасы болып табылады», [11, 7-б.] – деп тұжырымдаған.

Теориялық негізі

Тілімізде түр-түстерді антропоэкетілік парадигма аясында зерттеген біршама: Ә. Қайдар, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков, Н. Аитова, Ш.И. Нургожина, Ш.К. Жаркынбекова, Ж. Қасқатаева, З.Х. Ибадильдина және т.б. ғалымдар еңбектерін атауға болады. Сонымен қатар, эмоциялық тіл бірліктерінің семантикалық мағынасын зерттеген іргелі Ресей ғалымдары: Л.Г. Бабенко, Е.М. Вольф, Г.В. Колшанский, Л.В. Цыбина, Б.С. Жонкешов, К.С. Сарышованың еңбектері эмоциялық көңіл-күйді білдіретін тілдік бірліктердің семантикалық мағыналарын ашуда өзіндік жаңалығымен ерекшеленетіні рас. Сонымен қатар, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Ж. Манкеева, З. Ахметжанова еңбектеріндегі және жалпы тіл біліміндегі философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылым салаларындағы адам дүниетанымына байланысты зерттеулер алынды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Тіл білімінде эмоционалды-экспрессивті лексиканы алғаш ғылыми зерттеу нысаны ретінде алған еңбек – 1969 жылы жарыққа шыққан Х.М. Нұрмұхановтың «Эмоционально-экспрессивная лексика драматургических произведениях М.Ауезова» атты кандидаттық жұмысы. Бертін келе, С.Б. Қоянбекованың «Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері» атты докторлық диссертациясында, А.А. Мұсабекованың «Қазіргі қазақ публицистикасында экспрессия мен эмоцияны білдірудің тілдік құралдары» атты кандидаттық диссертациясы, Ғ.Қ. Иманалиеваның «Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар» атты монографиясы, Ш.И. Нургожинаның «Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка» атты диссертациясы, З.Х. Ибадильдина «Эмотивная лексика казахского и русского языков», К.С. Сарышованың «Қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер» атты ғылыми зерттеу еңбектерін атап өтуге болады.

Зерттеу мақаласында компоненттік талдау әдісі пайдаланылды. Аталмыш зерттеу әдісі көк түсіне байланысты эмоционалды лексиканың семантикасын зерттеуде қолданылды. Компоненттік талдау әдісі көк түсіне байланысты эмоционалды-экспрессивті лексиканың толық мағынасын ашу жолында тілдік бірліктердің аспектісін зерттеуге толық мүмкіндік береді. Тілді семантикалық талдау идеясы мен принциптері бертін келе семантикалық өріс әдісі ұғымымен тұжырымдалды. XX ғасырдың 30-жылдарында неміс ғалымы Йост Трир семантикалық өріс әдісінің принциптерінің негізін қалаған. Сөз семантикасын анықтауда олардың ұғымдық немесе мағыналық аймақта шоғырлану ерекшеліктеріне назар аударылады.

Бұл әдіс 1950 жылдары сөз мағыналарын зерттеуде әр түрлі тілдердегі лексикалық бірліктердің шағын тобын (туыстық терминдерді) сипаттау үшін пайдаланылған. Ол – әрбір тіл бірлігінің мағынасы семантикалық белгілерден тұратыны, тілдің сөздік құрамы шағын семантикалық белгілердің көмегімен анықталуы мүмкін деген ғылыми болжамға негізделген.

Компоненттік талдау әдісі біздің мақалада көк түсіне байланысты сөздерді сұрыптау, түрлі тілдік бірліктер құрамындағы мағыналарын ашу барысында пайдаланылды. Компоненттік талдау әдісін Дж. Каи, Дж. Фодор, Ю.Д. Апресян, В.Г. Гак сынды ғалымдардың зерттеп, тіл біліміне қолдану ережелерін ұсынғандығы мәлім. Осы ғалымдардың зерттеулерінен соң бұл әдіс грамматикада, морфологияда кеңінен қолданыла бастады.

Сонымен қатар, синхрондық сипаттама, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-теориялық, философиялық, психологиялық және әдіснамалық әдебиеттерді талдау және жинақтау, когнитивтік және лингвомәдени, лингвопсихологиялық тұрғыдан талдау, баяндау, ассоциативтік қатынаста салыстыру әдістері қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

Қазақ фразеологиясының семантикасы соңғы жылдары қалыптасқан лингвистика ғылымындағы жаңа бағыттар негізінде когнитивті санамен тығыз байланысты, дүниенің тілдік бейнесін құрайтын концептілер ара қатынасында зерттелуі қазіргі тілдік деректермен салыстыруға және сол тілді тұтынушылардың дүниетанымы мен ұлттың әлеуметтік-тарихи дамуына байланысты көптеген деректерден хабардар етеді. Себебі, тұрақты тіркестер халықтың әр кезеңіндегі өмір тарихынан тікелей хабар беретін айқын дерек көздерінің бірегейі. Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде «көк» концептісінің қазақ тілінің когнитивті кеңістігіндегі ментальді формадағы мағыналық өрісі көптеген мәдени коннотациялармен берілген. Бұл тілдік бірліктер ұлттық мәдени ерекшеліктер мен халықтық дүниетаным нәтижесінде ғасырлар бойы тілімізде жинақталған ақпараттар болып табылатындықтан қазақ концептосферасында семантикалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктерімен маңыздылыққа ие.

«Көк» концептісіндегі фразеологиялық тіркестерді когнитология тұрғысынан талдағанда фраземалардың ұлттық сипаты мен бейнелі тіл орамдарының пайда болу көздері мәдени ентаңбалы, этномәдени деректер барысында талдағанда бұл тұрақты тіркестердің символдық, стилистикалық, семиотикалық ерекшеліктері айқындалды. «Көк» концептілі фразеологизмдерде ұлттың мәдениеті, ауыз әдебиеті, мифологиялық дүниетаным іздерін байқау қиын емес. Сонымен қатар «көк» концептілі фразеологиялық тіркестер әлем бейнесін танудағы қайталанбас модельдер деп тануға және халық қолданысындағы өміршенділігімен, атадан балаға мирас болып жетіп отырған мәдени мұра үлгілерін жинап, сақтауда өз танымымен өзгешеленетін тілдік деректер екені анықталды.

Қазіргі таңда тіл біліміндегі когнитивті лингвистикадағы әлемнің тілдік бейнесін тануда концепт – бұл ақиқат дүние туралы санада жинақталған жан-жақты білімнің қоры екендігіне дау жоқ. Жеке адамның танымы мен түсінігіне орай концепті – ғылыми, мәдени, рухани, көркемдік танымда берілуі немесе ықшамдалған түрінде кездесуі «көк» концептісін лингвомәдениеттану бағытында зерттеу – мәдени ақпаратты танытатын және сол мәдениетті қалыптастыратын адамзаттың тіліндегі мәдени мазмұнды бейнелейтін тілдік таңба табиғатын зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл әрине – символдық, эталондық, стереотиптік, бейнелі-метафоралық мәнге ие болған бүтін мәдени мазмұнды бейнелей алатын денотаттық сипаты басым тіл бірліктері арқылы тіліміздің бай қорында әлдеқашан орныққан тілдік бірліктер болып табылады. «Көк» концептісінің фразеосемантикалық ерекшеліктері адамның мінезін сипаттауда, табиғат көріністерін айшықтауда, қарғыс мәндегі фразеологизмдерде, адамның ішкі толғанысын жеткізуде стильдік бояуын айқын көрсетуде таптырмас тілдік құралдар болып табылады.

Сөйлеушінің дискурсындағы эмоционалдық факторлар субъектінің санасында дамитын дүние суретінің құрамдас бөлігін бейнелейтін «көк» түсінің тілімізде эмоцияларды активизациялау адамның мінез-құлқы туралы және ішкі ойы мен түйсігін түсінуге ықпал етеді. Көк түсіне байланысты адамның күйініші мен сезімін сипаттауда эмоциялар вербалды түрде де, вербальды емес түрде де жүзеге асуы мүмкін. Коммуникативтік жағдаяттың мақсаты мен құрамдас бөліктері сөйлеу әрекеттерінің мазмұнын ғана емес, сонымен қатар ішкі ойды білдірудің оңтайлы формаларын да сипаттайды. Тіл – сөзсіз сөздің негізгі және ең тиімді құралы. «Көк» түсіне қатысты дискурсты зерттеу нәтижелері көрсеткендей, лексикалық тұрғыдан алғанда бұл көбінесе ашуды білдіретін қарғыс сөздер. Синтаксистік тұрғыдан алғанда, «көк» түсі арқылы берілетін ашу эмоциясы инвертелген конструкциялар,

қайталаулар және эллипсис арқылы беріледі. Зерттелетін «көк» түсі арқылы берілетін эмоционалдық күйді беруде интонацияның алатын орны ерекше. Эмоцияларды білдіру кезінде сөйлеу интонациясының барлық компоненттері қатысады: адам дауысының күші артады, оның биіктігі мен тембрі айтарлықтай өзгереді, сөйлеу жылдамдығы жоғарылайды немесе күрт баяулайды. «Көк» түсі арқылы берілетін ашу не қуану сезімдері бір мезгілде қолданылатын лексикалық, грамматикалық және просодикалық құралдардың комбинациясы арқылы, сондай-ақ осы құралдар топтарының кез келгенінің басым қолданылуымен өзекті болуы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір сөйлеу әрекетінің жағдайында, қалағанға жету үшін әсері, вербалды емес коммуникация құралдары да қолданылады. Осыған байланысты эмоцияларды білдіру процестерін зерттеу әрқашан тілдік және тілдік емес құралдарға және ең алдымен қарым-қатынастың паралингвистикалық саласына кіретін ым-ишараға, мимикаға сүйенеді. Эмоция құбылысын тіл білімі аясында зерттеуде сөйлеудің эмоционалдық саласының мәнін толық түсінбеу нәтижесінде эмоция туралы ғалымдар пікірлерінің сыңаржақтығын туғызғаны рас. Мәселен, В.А. Звезгинцев эмоция тудыратын сөздердің мағынасы сөз мағынасын тудырушы сөздер қатарында емес, сондықтан семасиологияның емес, стилистиканың зерттеу нысаны деп қарастырады [12]. «Эмоция арқылы адамның көңіл-күйі ғана емес, мақсат-мүддесі, интеллектісі де көрінеді. Адамдардың эмоциялық дәрежесін туа біткен ерекшеліктер ғана анықтамайды, ол әлеуметтік жағдайларға да байланысты болады. Мәселен, адамның өскен ортасы, белгілі бір тарихи кезең, белгілі бір халыққа тән әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, т.б.» [13, 28-б.]. «Адам басынан өткеретін негізгі эмоционалды күйлер адамның аффект жағдайымен және өмір құбылыстары тудыратын сезімдер арқылы көрініс береді. Эмоциялар мен сезімдердің пайда болуына өмір қажеттіліктерінен туындаған процесс арқылы идеялық сипаттағы шынайы не ойдан шығарылған жағдайлар да себеп бола алады» [14].

Эмоцияны сол немесе басқа тілдік деңгей тұрғысынан жан-жақты сипаттау мүмкін емес, өйткені бұл күрделі құбылыс, сондықтан эмоционалды бояумен сөйлеуге қатысты тілдік құралдарды лингвистика, паралингвистика, дискурсивті талдау және гендерлік аспектіде зерттеуде интеграцияланған тәсілді жүзеге асырған жөн. Зерттеудің ғылыми жаңалығы эмоция құбылысын «көк» түсі арқылы берілетін сөздік қорларда эксперименттік түрде дискурс деңгейінде зерттеуінде жатыр. Дискурс деңгейі «көк» түсінің әртүрлі мінез қылықтарын білдіруші эмоционалды сөздердің ашу-ыза эмоциясының көрінісі мен өзектілігін барынша қарастыруға мүмкіндік береді. Мәселелердің барлық кешенін қарастырудың эксперименталды перспективасы сөйлеушінің «көк» түсінің бағалауыштық дискурстағы «ашу» эмоциясын білдірудің лингвистикалық және тілдік емес құралдарын талдаудың нақты әдістемесін әзірлеуге және сынауға мүмкіндік берді. Мәселен, *көк азу* (азуы алты қарыс, бетіне адам келтірмейтін адуынды адам), *көк жалқау* (еріншек), *көк жамбас* (жүдеу), *көк долы* (ашуы қатты, ашушаң), *көк бет* (ұрысқақ), *көк қарын* (арық), *көк пері* (бет қаратпас ұрысқақ), т.б.

Көк сөзі тұрақты сөз тіркестерінің құрамында келгенде әр түрлі эмоционалды-экспрессивті мағыналарды білдіреді. Мысалы: *көк ауыз*, *көк айыл*, *көкке сыймау*, *көк тіреген*, *көк сағым*, *көк айыл*, *көк езу*, *төбесі көкке екі елі жетпеу*, *жеті қат көк*, *көк ми*, *тамағы тоқ*, *көйлегі көк*, *көк етікті кезікпей*, *көн етіктіні менсінбей*, *ақты-көкті сыпыру*, *көк мылжың*, *шегір көз*, *көктей шіру*, *көктей солу*, *көк бақа*, *көк жасық*, *көк шандыр*, *көк ет*, *көгеріп-сазару*, *көк бет*, *көк көкіртіп*, *жер тітірету*, *көк тұйғындай шүйілу*, *көк өрім*, *көк шыбық*, т.б.

«Көк» сөзінің әйелге қатысын оның физиологиялық жағдайымен түсіндіруге болады. Демек қаһарлану, долдану сөздері өзара синоним ұғымдар болғанымен, олардың сөйлемдегі стильдік қызметі әр басқа» [15, 154-б.]. Бұл жерде фразеологиялық тіркестердегі *көк долы*,

көк бет, көк айыл, көкбет, көк, долдану сынды тілдік бірліктердің әйел адамға қарата айтылатыны мысалға алынып тұр.

Көк сөзі тұрақты тіркестерде табиғи құбылыстарды сипаттап қолданылатынын айта кеткен жөн. Мәселен, көк көбесі сөгілді – найзағай қатты сатырлап, жалт-жұлт ойнағанда айтылды. Осы кезде манағы екі үлкен бұлт біріне-бірі тиісіп, қаруларын жарқылдата сайысып, көк көбесін сөге, күркіресіп жатты (Қ.И.) Қорғасын бұлтқа көміліп, Тал түсте батты күз күні, Көбесі көктің сөгіліп, Кеткендей босап тізгіні (Ж.М.) [16, 270-б.].

Көк түсінің когнитивтік болмысын, синкреттік сипатын былайша түсіндіруге болады: көк сөзі арқылы берілетін ашу-ыза эмоциясы эмоционалдық күй элементтері мен бағалау элементтері арқылы сыртқа шығады. Көк түсіне қатысты дискурстағы эмоциялар контекстік реализацияға ие болғанда, ашу не қуанышты мағынаны білдіру екі жүйеге негізделген: тілдік және тілдік емес. Сонымен қатар, бұл жерде эмоционалдық мағынаны өзектендірудің белгілі бір құралдарын таңдауды анықтайтын прагматикалық (мақсат қою), әлеуметтік-мәдени (гендерлік) және экстралингвистикалық (коммуникациялық жағдай, сюжеттік) факторлардың ықпалын ескерген жөн.

Көк есек – көнбіс жан, істің құлы, жұмсауға қолжаулық адам [17, 267-б.]. Д. Исабековтың «Қара шаңырақ» повесіндегі көк есек тіркесі нақ есектің өзіне қаратып айтылса да, тілімізде бұл тұрақты тіркес ретінде адам мінезін сипаттауда сол еңбекке бейім тұратын жануардың мінезімен ұштастырып айтылатыны рас.

«Көк ит (төбет) озбыр мағынасында айтылады. Көптің бәрі көп демес, көп те бөлек, Көп ит жеңіп көк итті, күнде жемек. Ғадәләт пен мархамат – көп азығы, Қайда көрсең, итсің! – Жабылдарсың, таларсың да, жерсің!» (М.Ә.) [18, 268-б.].

Бұл мәтіндегі ашу-ыза эмоциясын білдіруге қатысып тұрған көк сөзінің мағынасы адамгершіліктен жұрдай адамды бейнелеуде және ашулы сезімдерді сыртқа шығарарда қолданылып тұр.

« – Ананы қара! Мынау ұрғалы жатқан шалды қара! Осы Қодардың жақыны. Өзі шал. Өзі Борсақ. Жексен!.. Бұған не жоқ екен, көк төбетке?! – деді. Майбасар да ілесе: «Өй, қуарған көк төбет, – деп, қамшы үйіріп кеп еді. Қодар саспастан тұрып, қарсы ақырды. – Я, мен көк ит болсам, сендер көп!? – деді» [19, 62-б.]. Адамға деген жиеркенушілік сезімі аясында туындаған көк ит, көк төбет тіркестері қазақ халқының қолданысында кең тараған жағымсыз эмоция әсерінен туындайтыны рас. Бұл жөнінде Ө. Қайдар: «Көк – қаһарлы, қайсар, айлалы, адуынды, ашушаң. Мысалы, көк айыл, көк бет, көк дауыл, көк жендет, көк шұлан, көкжал бөрі, көк мүйіз («іріп сүзіп, басқаға күн көрсетпейтін»), көк азу (азуы алтын қарыс – бетіне адам келтірмейтін адуынды адам), көк түйнек – ауру аты, көк шешек және т.б.» [20, 33-б.].

Тіл – эмоциялық көңіл-күйді сыртқа шығаратын ерекше коммуникациялық құрал болып табылады. Дегенмен адам эмоциялық көңіл-күйді сыртқа шығарарда әртүрлі сезімдерді білдіре отырып, оның түйсігі мен тәжірибесін көрсетуде бейвербалды әдістер: мимика мен ым-ишараны пайдаланады. Белгілі бір эмоцияларды, мысалы, тітіркену, ашулану, т.б. эмоцияларды жеткізу кезінде интонация, дауыс күші, сөйлеу қарқыны, сондай-ақ қастың, еріннің қимылы, бет-әлпеттің құбылуы және т.б. маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге эмоцияның көркем мәтінде берілу жолдарын саралағанда бейвербалды құралдар қосымша ақпарат көзі болып табылады, оның іс-әрекетін түсіндіруге және айтылған ерекше сезімдік көңіл-күйдің мәнін нақтылауға көмектеседі. Сондай-ақ белгілі бір жағдайдағы адамның эмоционалдық тәжірибесінің тілдегі сипаты мен экспрессивтілігі оларды жақын маңдағы басқа адамдар қалай бастан өткеретініне байланысты екендігі көрсетілді. Бұл эмоционалдық күйлер адамнан адамға берілуі мүмкін дегенді білдіреді және адамның жануарлардан айырмашылығы эмоционалды тәжірибені жеткізу сапасы оның эмпатия жасайтын адаммен жеке қарым-қатынасына байланысты екендігін айғақтайды.

Қазақ мәдени танымындағы көк түсі арқылы бейнелейтін құбылыстар мен өмір жағдайлары сөзсіз тілдік қолданыста ерекше бояуы қанық, ішкі толғанысты жеткізудің айнымас құралы ретінде халықтық менталитеттің бір бөлшегін құрайды.

Жағымды және жағымсыз эмоцияны білдіруде көбінесе алғыс және қарғыс сөздерді айтқанда қолданылу аясы кең. Мәселен, Көк кәріне ұшыра, Көк тәңірінің қаһары келсін, қаһар-кәріне тап бол деген мағынада айтылатын қарғыс сөзі. Көк соққан! Көк соққыр! Тәңір соққан! Құдай атқан! «Алланың қаһары тисін» деген қарғыс мәнде жағымсыз эмоцияны беруде халық лексикасында жиі қолданылатын ерекше ашу-ызаға, наразылыққа толы сөздер. «Жарайды, қойдым, қабағың түсіп кеткен екен. Сен көк соққан, қалжыңды да көтере алмай, ашуланып, маскара қыларсың, – деді Есенбек (М.И.) Өй, көк соққан! Жеңгенді сабатып қойып неге тұрсың? – деді Қайыр (С.Ад.)» [16, 270-б.].

«Көктей кетейін!» – қарғыс сөзі. «Жастай өлейін осыны істесем» деген мағынада ішкі күйіністің салдарынан көк атауы болсын халықтың тұрмыс тіршілігінен, дүниетанымынан, өмірлік тәжірибесінен хабар беретін тілдік ақпараттар болып табылатындығын байқау қиын емес.

«Көк келгір! Көк келгір! Көгермей, көктей сол! Қыршыныңнан қиылғыр! Көктей солғырлар-ай! Көк түйнек болғыр! Көк шешек келгір!» секілді қарғыс сөздер тұрмыстық қарапайым лексика ретінде тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі, сөйлеу тілінің аясындағы адамның ішкі толғанысы мен күйінішін, ашу-ызасын білдіреді. Бір жағынан фразеологиялық оралымдардың эмоционалдық бояуы әрдайым сөйлеушінің тіліне ерекше экспрессиялық реңк беретіні сөзсіз. Фразеологиялық бірліктердің эмоционалды мән беруі туралы ғалым Ө. Айтбайұлы: «Қандай тілде болмасын фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады. Олардың қай-қайсысында да мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті. Кейбір жеке сөздердегі тәрізді, тұрақты сөз тіркестерінде де эмоционалдық-экспрессивтік бояу мол. Көбіне осы өзгешелік басым. Яғни фразеологизмдердің көпшілігі айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады. Экспрессивтік-эмоционалдық бояуы бұрыннан бойында бар фразеологиялық единицалар көркем қолданылып, сөйлеушінің адамзат, құбылыс турасындағы өз көзқарасын мәлім етеді. Экспрессивті тұрақты тіркестер сезімге айрықша әсер етеді», – деп жазады [21, 388-б.].

Тілімізде көк түсімен байланысты алғыс, бата, тілек сөздер тобында да адамның эмоционалдық көңіл-күйінің белгісі іспетті сөздер көптеп кездеседі. Мәселен, «Көсегең көгерсін», «Көсегең көгерсін, көрпең ұзарсын!», «Көк майсадай көгеріп өсе бер!», «Көктеп, көбейе беріңдер!», «Төбең көкке жете берсін!» және т.б. Үлкен адамдардың шын ниетімен тілеулес, тілектес болғанда осылайша бата ақ тілектерін жаудырып отырған. Бұл жерде көсегең деген сөз ұрпағың өсе берсін, ұрпағыңмен мың жасап, тереңге тартқан мәуелі бәйтеректей өсіп өне бер деген алғыс мәнді қазақ үшін өте маңызды баталы сөздер болып табылады. Эмоция арқылы адам өзінің әлем туралы санасы мен психикасын сипаттайтын шынайы ішкі сезімдерін жеткізеді. Эмоция – қарым-қатынастың жалпыға белгілі түрі. Эмоциясыз бізді қоршаған әлемді қабылдау мүмкін емес. Эмоциялар біздің ішкі және сыртқы өміріміздің бір бөлігі: біз ренжиміз, таңданамыз, жек көреміз және табынамыз. Адам эмоциялық сезімді басынан кешіргенде, оны қандай тілмен, қандай тәсілмен білдіретінін түсінбегенмен, ерекше ішкі толқыныстың әсерінен өз ақыл-ойы деңгейінде өздерінің эмоцияларын: ішкі және сыртқы тәжірибелерді білдіру туралы аялық білімі бар екенін білдіреді. Ежелден эмоцияның айнасы тіл, мимика, ым-ишара болғаны белгілі.

«Тіл адам эмоциялық сезімін сыртқа шығарғанда объективті шындықтың әсерінен эмоцияларды белсенді түрде білдіру үшін өз ана тілін пайдаланады. Сонымен, тіл – эмоцияны білдіру құралы, ал адам эмоцияларының өзі адамның дүниеге қатынасын бейнелеу формасы» [22].

Көркем мәтіндегі эмоциялық тіл бірліктері қарым-қатынастың спецификалық және эмоционалдық жағдайларына тәуелді болатын ерекше қарым қатынасты қалыптастыратыны белгілі. Шығармадағы кейіпкер тіліндегі эмоционалды-экспрессивті лексика арқылы сол тұлғаның психикасын және оның ішкі күйін түсінуге болады, ол адамның жеке басының адамдық келбетін ашуға және түсінуге көмектеседі. Көркем мәтіндегі эмоциялық лексиканың қызметі мен семантикасы эмоционалды лексика қолданылатын күнделікті қарым-қатынастағы жағдайлардың заманауи классификациясын ұсынуға, сондай-ақ оны көркем шығармада қолданудың қазіргі тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Адамның эмоциясын жеткізудегі түр-түстердің экспрессивті қызметі кейінгі уақытта ғалымдар назарын аударып келе жатқан ерекше бір тақырыптардың бірі десек қателеспеген боламыз. Тіліміздегі қай түр-түс атауы болсын халықтың тұрмыс тіршілігінен, дүниетанымынан, өмірлік тәжірибесінен хабар беретін тілдік ақпараттар болып табылады. Себебі, түр-түс атаулары мәдениетаралық коммуникацияда ерекше сипатқа ие болғандықтан, ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі аспектісі ретінде түстердің экспрессивтік қызметін зерттеу арқылы сол мәдениетті қалыптастырушы тұлғаны тануға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы зерттеулер нәтижесі этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, этнопсихология, лингвокогнитивтік психология, лингвомәдениеттану сынды тіл білімінің салаларының мәселелерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ойымызды қорытындылап айтар болсақ, қазақ тіл біліміндегі көк түсінің эмоционалды-экспрессивті сипаты тіл мәдениетін анықтаудың басты көрсеткіші ретінде адам баласының ақыл-ойының ғаламдық бейнені танудың ұғымдық белгісі болып саналады. Көк түсі арқылы берілетін мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, метафора сынды көріктеуші құралдар қатарында эмоцияны жеткізуде таптырмас тіл бірліктері болып табылатындығына көзіміз жетті. Сонымен қатар, көркем мәтін мен поэзияда көк сөзі арқылы сипатталатын адамның ішкі толғаныстары тілдің экспрессивтік әсерін арттырып, ұлттық бояу беретін эмоциялық мәні ерекше құрал болып табылады. Көк сөзінің экспрессивті бояуы көбінесе батырлар жырында, көркем мәтіндерде, бата тілектерде, қарғыс пен алғыс сөздердің құрамында көптеп кездеседі. Көк түсінің экспрессивтілік қыры қазақ ұлтының өзіндік менталитетін, психологиясын, ұлттық құндылықтарын тіл арқылы өрнектейтін концептуалдық мәні бар екендігін дәлелдедік. Көк сөзі арқылы айтылатын ашу-ыза эмоциясын жеткізуде әйел мен еркек тілінің психофизиологиялық және лингвистикалық негіздерін саралағанда тұтас қазақ халқына тән гендерлік ерекшеліктерінің мәні ашылады.

Зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес ғаламның тілдік бейнесін ашатын «көк» концептісінің когнитивтік сипаты ашылып, оның халық арасындағы қолданысындағы эмоционалдық мән-мазмұны зерттелді. Көк түсінің эмоционалдық реңк арқылы жеткізілетін адамның сезімі мен толғанысын ашатын тілдік бірліктердің коннотациялық мағыналары алғаш рет психоллингвистика тұрғысында қарастырылды.

Қазақ тіліндегі көк түсіне байланысты фразеологиялық тіл бірліктерінің эмоционалдылығы, эмоционалдылық мүмкіндіктері көбінесе тіркесіп келген сөздерге өз әсерін күшейте түсумен қатар, экспрессивті күш беретіні ақиқат. Көк түсі арқылы айтылатын тұрақты сөз тіркестері көбінесе адамда ашу-ыза, ренжу, қарғыс мәндегі эмоцияларды бергенде қолданылатынын нақты мысалдармен дәйектей алдық. Көк түсі арқылы берілетін эмоциялық күйдің шешуші белгісі оның тұтастығы, басқа күйлерге және басқа реакцияларға әсерлілігі күшті және эксклюзивтілігімен ерекшеленеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Древнетюркский словарь / под ред. Д.М. Насилова, И.В. Кормушина и др.; сост. Т.А. Боровкова, Л.В. Дмиртиева, А.А. Зырин. И.В. Кормушина и др. 2-е изд., пересмотр. – Астана: Ғылым, 2016. – 760 б.
2. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б.
3. Баялиева Г.Ж. XI-XII ғасырлардағы жазба әдеби ескерткіштер тіліндегі сын есімдер («Қутадғу билиг» пен «Ғибат-ул хақайик» жәдігерліктері бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2003. – 166 б.
4. Kaskatayeva Zh.A., Mazhitayeva Sh., Omasheva Zh.M., Nygmetova N., Kadyrov Zh. Colour Categories in Different Linguistic Cultures // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – 2020. – №12(6). – P. 1–13. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n6.14>
5. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 306 с.
6. Рубинштейн С.Л. Эмоции // Психология эмоции. Тексты. – М.: Изд-во МГУ, 1993. – С. 160–170.
7. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта, 2007. – 296 с.
8. Бабушкин А.К. Типы концептов в лексико-фразеологический семантике языка их личная и национальная специфика: Дисс. ... док. филол. наук. – Воронеж, 1998. – 303 с.
9. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. док. ... дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 54 б.
10. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 278 б.
11. Қошанова Ж. Қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 34 б.
12. Звегинцев В.А. Семасиология. – М.: МГУ, 1967. – 321 с.
13. Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 255 б.
14. Леонтьев А.И. Потребности, мотивы и эмоции. В кн.: Психология эмоций / Под ред. В.К.Вилонаса, Ю.Б.Гиппенрейтер. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. – С. 162–171.
15. Түйте Е.Е. Психикалық жай-күйлер атауларының лингвостилистикалық сипаты: монография. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2013. – 246 б.
16. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
17. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2014. – 216 б.
18. Жансүгіров І. Шығармалары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 615 б.
19. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 368 б.
20. Қайдар Ә.Т., Өмірбеков Б.Е., Ахтамбердиева З.Т. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
21. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 618 б.
22. Шаховский В.И. Голос эмоций в языковом круге. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2012. – 144 с.

REFERENCES

1. Drevnetiurkskiy slovar [Ancient Turkic Dictionary] / pod red. D.M. Nasilova, I.V. Kormushina i dr.; sost. T.A. Borovkova, L.V. Dmirtieva, A.A. Zyrin. I.V. Kormushina i dr. 2-e izd., peresmotr. – Astana: Gylym, 2016. – 760 b. [in Russian]
2. Ualiuly N. Frazeologia jane tildik norma [Phraseology and language norm]. – Almaty: Respublikalyq baspa kabineti, 1998. – 128 b. [in Kazakh]
3. Baialieva G.J. XI-XII gasyrlardagy jazba adebi eskertkishter tilindegi syn esimder («Qutadgu bilig» pen «Hibat-ul haqaiiq» jadigerlikteri boiynsha: filol. gyl. kand. ... diss. [The adjectives in the language of written literary monuments of the 11th-12th centuries (according to the “Kutadgu bilig” and “Hibat-ul khakayik” records: A dissertation ... cand. of philol. sciences]. – Almaty, 2003. – 166 b. [in Kazakh]

4. Kaskatayeva Zh.A., Mazhitayeva Sh., Omasheva Zh.M., Nygmetova N., Kadyrov Zh. Colour Categories in Different Linguistic Cultures // *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*. – 2020. – №12(6). – P. 1–13. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n6.14>
5. Ahmanova O.S. Slovar lingvisticheskikh terminov [Dictionary of Linguistic Terms]. – M.: Sovetskaia ensiklopedia, 1966. – 306 s. [in Russian]
6. Rubinshtein S.L. Emosii // *Psihologia emosii. Teksty* [Emotions // Psychology of emotions. Texts]. – M.: Izd-vo MGU, 1993. – S. 160–170. [in Russian]
7. Maslova V.A. Vvedenie v kognitivnuiu lingvistiku [Introduction to cognitive linguistics]. – M.: Flinta, 2007. – 296 s. [in Russian]
8. Babushkin A.K. Tipy konseptov v leksiko-frazeologicheski semantike iazyka ih lichnaia i nacionalnaia spesifika: Diss. ... dok. filol. nauk. [Types of concepts in the lexical-phraseological semantics of the language of personal and national specifics: Dissertation ... doct. of philol. sciences]. – Voronej, 1998. – 303 s. [in Russian]
9. Islam A. Ultyq madeniet konteksindegi dunienin tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly lingvomadeni saraptama): filol. gyl. dok. ... diss. avtoref. [Linguistic picture of the world in the context of national culture (comparative linguistic and cultural expertise)]. – Almaty, 2004. – 54 b. [in Kazakh]
10. Tileuberdiev B.M. Qazaq onomastikasynyn lingvokonseptologialyq negizderi [Linguistic-conceptual foundations of Kazakh onomastics]. – Almaty: Arys, 2007. – 278 b. [in Kazakh]
11. Qoshanova J. «Qazaq tilindegi «bailyq-kedeilik» konseptisi: tanymdyq sipaty men qyzmeti: filol. gyl. kand. ... diss. avtoref. [The concept of "wealth-poverty" in the Kazakh language: cognitive character i activity]. – Almaty, 2009. – 34 b. [in Kazakh]
12. Zveginsev V.A Semasiologia [Semasiology]. – M.: MGU, 1967. – 321 s. [in Russian]
13. Imanalieva G.Q. Qazaq tilindegi emosionaldy qurylymdar [Emotional structures in the Kazakh language]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. – 255 b. [in Kazakh]
14. Leontiev A.I. Potrebnosti, motivy i emocii [Needs, motives and emotions]. V kn.: *Psihologia emocii*. – M.: Izd-vo Mosk. un-ta, 1984. – S. 162–171. [in Russian]
15. Tuite E.E. Psihikalıyq jai-kuiler ataularynyn lingvostilistikalyq sipaty: Monografıa [Linguostilistic nature of the names of mental states: Monograph]. – Qaragandy: E.A. Boketov atyndagy QarMU, 2013. – 246 b. [in Kazakh]
16. Kenesbaev I. Qazaq tilinin frazeologialyq sozdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Gylım, 1977. – 711 b. [in Kazakh]
17. Isabekov D. Tandamaly shygarmalary [Selected works]. – Almaty: «Aiganym» baspa uii, 2014. – 216 b. [in Kazakh]
18. Jansugirov I. Shygarmalary [Works]. – Almaty: Qazaqtyn memlekettik korkem adebiet baspasy, 1960. – 615 b. [in Kazakh]
19. Auezov M. Abai joly: Roman-epopeia. Birinshi kitap [Abai's Way]. – Almaty: Jazushy, 2004. – 368 b. [in Kazakh]
20. Qaidar A.T., Omirbekov B.E., Ahtamberdieva Z.T. Tur-tusterdin tildegi korinisi [Species-expression of colors on the tongue]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 160 b. [in Kazakh]
21. Aitbaev O. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Arys, 2007. – 618 b. [in Kazakh]
22. Shahovski V.I. Golos emosi v iazykovom krugе [The voice of emotions in the language circle]. – M.: Knijnyi dom «LIBROKOM», 2012. – 144 s. [in Russian]